

Әкімдіктің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 311 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен, жиырма бес проценттен жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қарашадағы № 430 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 желтоқсанда № 4372 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай Қарабалық ауданы әкімдігінің 22.01.2016 № 11 қаулысымен (алғаш қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238-баптарына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 311 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен, жиырма бес проценттен жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4256 тіркелген , 2013 жылғы 31 қазанда "Айна" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен анықталған Аудандық бюджет қаражаты есебінен, жиырма бес проценттен жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесінде:

1-тармағы келесі мазмұндағы 6), 7) тармақшаларымен толықтырылсын:

"6) жұмыспен қамту орталығының басшысы;

7) жұмыспен қамту орталығының маманы."

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а б а л ы қ

ауданының әкімі

А. Исмағұлов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а р а б а л ы қ а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы

_____ *Е. Аманжолов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК